

Ресми рецензент саяси ғылымдар докторы, доцент Көшкімбаев Санат Кайрслямовичтың «6D020200 – халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Сембаева Жансая Сембайқызының «Орталық Азияны біріктіру перспективасында Қазақстан - Өзбекстан ынтымақтастығы» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға <b>сәйкестігі:</b>	<p><b>Диссертация сәйкес келеді:</b></p> <p>-Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің жалпы ғылыми даму бағыты бойынша, ішінше "Қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың, халықаралық құқықтың, жаһандық, аймақтық және трансшекаралық геосаяси, геоэкономикалық, геокеністіктік үдерістердің өзекті мәселелерін зерттеу.</p> <p>-Мемлекеттік бағдарламаларға «Қазақстан Республикасының дамуының 2050 ж. даму стратегиясы», «Қазақстан Республикасының дамуының 2025 ж. дейін даму стратегиялық жоспары», «Қазақстан Республикасында білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы 2021-2025 жылдарға», «2020-2030 ж. Қазақстан Республикасының Сыртқы Саясатының тұжырымдамалары», ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтің Қазақстан халықына жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» (1.09.2021 ж.).</p>
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	<p><b>Диссертация сәйкес келеді:</b></p> <p>-"Мәңгілік ел", "Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс (құпиялық белгісінсіз)" ғылымның даму бағыттарына.</p>

		3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес ( бағытын көрсету)	
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық ынтымақтастырын зерттеу Орталық Азияның консолидациясы перспективасының контекстінде маңызды болып табылады. Бұл жұмыс әлемдік саясат, халықаралық қатынастар, аймақтану, саяси ғылымдар мен саяси демография зерттеулеріне өзіндік үлес қосады. Тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығы нақты жазылған. Халық саны бойынша ең көп және аумағы жағынан үлкен мемлекеттер Қазақстан және Өзбекстан экономикалық, әлеуметтік- мәдени тұрғыдан неғұрлым динамикалық дамушы басымдықтағы елдер. Екі мемлекеттің халықаралық өзара іс-кимылы басқа Орталық Азияның елдері үшін ынтымақтастықтың үлгісі және моделі бола алады, себебі біртұтас посткеңестік Орталық Азия идеясы әлі де жан-жақты талқылануда. Алайда Орталық Азия елдері әлеуметтік-экономикалық деңгейі мен саяси бірлігі жағынан бір-бірінен ерекшелене бастады. Еуразиялық және неоеуразиялық идеялардың дамуы аймақтың елдерінің консолидациясы мен күшеюіне кедергі болып табылады. Сонымен бірге, Орталық Азия мемлекеттері әлеуметтік-экономикалық жаңғырту мақсаттарына қол жеткізу және халықаралық қоғамда өз позицияларын ілгерілету үшін институционализацияланған қатынастардың қажеттілігі мен тиімділігін түсінеді.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: <b>1) жоғары;</b> 2) орташа; 3) тәмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындылары жалпы ғылыми әдістер мен танымдық талдау, салыстырмалы тәсілдер, сонымен қатар зерттелініп отырған тақырыптың негізгі параметрлерін сипаттау үшін эмпирикалық және талдау әдістері арқылы алынды. Жүйелілік тәсілі Қазақстан мен Өзбекстанның Орталық Азия мемлекеттерімен екіжақты қатынастарын біртұтас күбыльыс ретінде зерттеуге мүмкіндік берді. Ізденуші Сембаева Ж. мен ғылыми

			кеңесшісі Шайморданова З. және шетелдік кеңесшісі доктор Алонсо М. тұрақты өзара іс-әрекеттерінің нәтижесі диссертациялық зерттеуді <b>жоғары деңгейде жүргізуге мүмкіндік берді.</b>
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: <b>1) негізделген;</b> 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген	Геосаяси және геоэкономикалық қауіптер мен сын-қатерлер, аймақтандыру үдерістерінің күшеюі, посткеңестік Орталық Азияның ұзаққа созылған бірлік үдерістерінің жағдайы шарттарына қарай, диссертация тақырыбы Қазақстан мен Өзбекстанның ынтымақтастығы мысалында <b>негізделді</b> .
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды <b>1) айқындаиды;</b> 2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыптың мәнін көрсетіп және оны <b>толықтай ашады</b> .
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкескеледі: <b>1) сәйкескеледі;</b> 2) жартылай сәйкескеледі; 3) сәйкес келмейді	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертациялық жұмыстың тақырыбына <b>сәйкес келеді</b> .
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: <b>1) толық байланысқан;</b> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері және құрылымы логикалық түрде бір-бірімен <b>байланысты</b> , сонымен қатар мақсаттар мен міндеттер, қорғауга берілген тұжырымдамалар сәйкес келеді. Бұл фактілер бөлімнен бөлімге, бөлімшеден келесі бөлімшеге және сонында нәтижелі қорытындыға жасауға мүмкіндік берді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бүріннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <b>1) сынни талдау бар;</b> 2) талдау жартылай жүргізілген;	Ізденушімен қолданылған дәстүрлі және жаңа теориялар, тұжырымдамалар мен әдістер, мәселен «консолидация» зерттеу тақырыбы бойынша сынни талдауға, консолидацияның теориялық моделін дайындауды қоса алғандағының негізделген қорытындылар жасауға <b>мүмкіндік берді</b> .

		3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдамалар толықтай ұлттық, Орталық Азиялық және шетелдік зерттеушілер үшін <b>толықтай жаңа</b> болып табылады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма ? 1)толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың қорытындылары <b>жаңа</b> және ғылыми негізделген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1)толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <b>жаңа</b> және негізделген, себебі реляциалық жақындық, мемлекеттің икемділігі мен «консолидация» сияқты жаңа әдістер қолданылған. Қазақстандық және Өзбекстандық әртүрлі әлеуметтік - және жас аралық топтар арасында Орталық Азиялық консолидацияның алғышарттарын анықтау негізінде сауалнама жүргізілген. Сонымен қатар, Орталық Азияның консолидациясының теориялық моделі әзірленді.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық тұжырымдар жақсы <b>негізделген</b> .
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме?	Қорғауға келесідей тұжырымдамалар шығарылған. 1. Орталық Азияны зерттеуде жұмыста қолданылған дәстүрлі теориялар, әдістер және тұжырымдамалар, мәселен: әлемдік жүйелілік,

	<p>1)дәлелденді;</p> <p>2)шамамен дәлелденді;</p> <p>3)шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4)дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалдыма?</p> <p>1)иля;</p> <p>2)жоқ</p> <p>7.3 Жаңама?</p> <p>1)иля;</p> <p>2)жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1)тар;</p> <p>2)орташа;</p> <p>3)кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1)иля;</p> <p>2)жоқ</p>	<p>реализм мен саяси элита, бақылау және осымен қатар жаңа теориялар (реляциялық байланыс, мемлекеттің икемділігі) Қазақстан мен Өзбекстанның мемлекетаралық стратегияларына талдау жүргізуге ықпалын тигізді. Қазіргі кезеңде бұл мемлекеттер өзара ынтымақтастықтарын терендептіп қана қоймай, Орталық Азияның қалған елдеріне үлгі боларлық үдеріс ретінде көрсетілуде. Қазақ - өзбек ынтымақтастығы толықтай Орталық Азияның динамикалық дамуында маңызды кілт рөлді атқаруга тиісті. «Консолидация» ұғымы Орталық Азия елдерінің аймақтық интеграцияға деген бірінші қадам ретінде қарастырылады.</p> <p>1-ші тұжырымдамада Орталық Азияның консолидациясының перспективасы негізінде Қазақстан мен Өзбекстанның ынтымақтастығын зерттеудің дәстүрлі және жаңа әдістерін пайдаланудың контекстінде дәлелденді. Нәтиже жаңа және Scopus мәліметтер базасында журналда шығарылған мақалада дәлелденді.</p> <p>2. Шетелдік сараптама Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық өзара іс-әрекеті, Орталық Азиялық мемлекеттердің интеграциясын зерттеудің өзіндік әдісі мен әдіснамасын жасап шығарды. Олар Орталық Азия елдерінде болып жатқан трансформациялардың логикасын жақсы түсінуге мүмкіндік беретін даулы және аз зерттелген деп саналатын мәселелерде белсенділік көрсетеді.</p> <p>2-ші тұжырымдама арқылы зерттеудің өзіндік әдісін жасап шығарушы шетелдік сарапшылардың талдауымен дәлелденіп, КР БФМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналда шығарылған мақалада дәлелденді. Нәтиже жаңа.</p> <p>3. Қазақстан мен Өзбекстан Республикалары өздерінің ынтымақтастық қызметінде ЕурАЗЭҚ, ШЫҰ, ҰҚШҰ сияқты халықаралық үйымдарынға мүшеболып табылады. Ескере кететіні кейбіреуінде Өзбекстан толыққанды мүше емес. ЕурАЗЭҚ пен ШЫҰ-н дамулары Орталық Азиялық елдердің геоэкономикалық мұдделеріне қарай дами алуы мүмкін. Бір жағынан алыш қараганда ШЫҰ мен ЕурАЗЭҚ үйымдарының болуы Орталық Азия елдерінің консолидация арқылы өзіндік жеке аймақтық көп жақты ынтымақтастықтың қалыптасуына</p>
--	--	--

әсер етіп, одан әрі аймақтық деңгейде ұйымдармен өзара қарым-қатынастарын жүргізуіне әкелу мүмкіншіліктері бар.

Тұжырымдама Қазақстан мен Өзбекстанның ЕурАЗЭҚ және ШЫҰ сияқты халықаралық, аймақтық ұйымдарға қатысуының тиімділігін талдау арқылы дәлелденді, оның негізінде осы мемлекеттердің халықаралық ұйымдарға қатысу фактісі әсер ету мүмкіндігі анықталып және осының негізінде Орталық Азия мемлекеттерінің консолидациясы туралы қорытынды жасалды. Нәтиже жаңа және Scopus деректер базасының журналында жариялануымен **расталады**.

4. Қазақстан мен Өзбекстанның экономикалық өзара іс-әрекеттері динамикасына талдау жүргізе отырып, қайта индустримальдыруды дұрыс жүргізу есебімен қатар, басымдықты және барлық күшті экономикалық даму үдерістеріне аса мән беру арқылы тұрақты даму мен қауіпсіздікпен қамтамасыз етуге қол жеткізуге болады. Орталық Азия елдерін зерттеуде бақыланып отырған ортақ мәселелер жиынтығы көрісінше табысты ынтымақтастық пен өзара іс-кимылдың бастама нүктесіне айналуға тиісті. Атамыш факторлар: аймақтың елдерінің реляциялық жақындығы, ортақ тарихи – мәдени өткені мен бірегей табиғи орта, бірін- бірі толықтыруыш экономикалық және өндірістік салалардың барлығы Орталық Азияның консолидациясына ықпал етеді.

Тұжырымдама еki мемлекеттің халықаралық ынтымақтастығы бойынша зерттелген деректерді талдау және синтездеу негізінде дәлелденді. ҚР БФМ Білім және Фылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналда шығарылған мақалада, ғылыми конференция материалдарындағы жарияланымда және Scopus деректер базасының журналында жариялануымен дәлелденді. Нәтиже жаңа болып табылады.

5. Қазақстан мен Өзбекстан өз аумақтарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз механизмдері мен стратегияларын әзірлеуде. Сонымен қатар, Ауғанстандағы тәліптердің билікке келуі бүкіл Орталық Азия үшін, әсіресе Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан үшін жаңа сын мен қауіп-қатерлер тудырады.

Нәтиже жана, себебі саяси биліктің өзгеруі жағдайында бұл ұстаным ерекше өзектілікке ие болады. Тұжырымдама зерттелген деректердің сараптамалық баяндамасы негізінде КР БФМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналда шығарылған мақалада дәлелденді.

6. Жүргізілген саулнаманың негізінде Қазақстан және Өзбекстан қоғамындағы Орталық Азиялық консолидация туралы жалпылама түрде пікірлерін білуге әрекет жасалынды. Орталық Азиялық аймақта маңызды рөл атқарушы Қазақстанның және Өзбекстанның қоғамның бір басым бағытты таңдауы, оны түсініү мен қабылданып, табысты және сәтті ынтымақтастықтың кілті ретінде қарастырылады. Бірақ, Орталық Азиялық мемлекеттердің консолидациясы аймақтық интеграцияның алғашқы сатысы ретінде жаңа элементтердің пайда болуына, жаңа сценарий құруға біршама мүмкіндіктер туғызады. Қазіргі әлемнің геосаяси және геоэкономикалық императивтерінің теріс өзгерістерін азайтады.

Нәтиже жаңа. Тұжырымдама Қазақстан мен Өзбекстанда әртүрлі әлеуметтік топтар, соның ішінде Орталық Азия бойынша сарапшылар мен түрлі жас топтары арасында жүргізілген саулнамамен дәлелденді. Нәтиже Scopus мәліметтер базасындағы журналда шығарылған мақалада дәлелденді.

7. Қазақстан мен Өзбекстанның халықаралық ынтымақтастығы негізінде Орталық Азияның консолидациясының теориялық моделін жасап шығару мүмкіндігі пайда болды. Ол көлденеңінен және тігінен құрылған сыйбалар 10 элементтен тұрады. Тігінен көрсетілген ось бойынша басқару моделі мен шешім шығару моделінен тұратын институционалдық құрылымнан тұрады. Ал, көлденеңінен саяси, экономикалық және әлеуметтік- мәдени даму Орталық Азияның консолидациясының кристалдануына және ол өз ретінде аймақтың эффективті интеграциясына әкеледі.

КР БФМ Білім және Ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналда шығарылған мақалада, ғылыми конференция

			материалдарындағы жарияланымда және Scopus деректер базасының журналында жариялануымен дәлелденді. Нәтиже жаңа болып табылады.
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <b>1)и亞;</b> <b>2)жоқ</b>	Әдіснаманы таңдау <b>негізделген</b> немесе әдістеме диссертациялық жұмыстың кіріспесінде тереңінен сипатталған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <b>1) ия;</b> <b>2)жоқ</b>	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін, мысалы, саулнаманы және компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): <b>1)и亞;</b> <b>2)жоқ</b>	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара қатынастар мен заңдылықтар диссертациялық жұмыста және жарияланған мақалаларда дәлелденген, негізделген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге	Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> .

		<p><b>сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</b></p> <p><b>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</b></p>	
9	Практикалық құндылық принципі	<p><b>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1)ия; 2)жоқ</b></p> <p><b>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1)ия; 2)жоқ</b></p>	<p>Пайдаланылған әдебиет тізімі әдеби шолу үшін <b>жеткілікті</b> және Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы ресми құжаттар мен көлісімдерді, мемлекет басшыларының, министрліктер мен ведомстволар өкілдерінің сөйлеген сөздерін, мәлімдемелерін, сұхбаттарын, қарастырылып отырган тақырып бойынша тұжырымдамалық сипаттагы жұмыстарды, докторлық және кандидаттық диссертацияларды, Қазақстанның, Өзбекстанның және жалпы Орталық Азияның қандай да бір нақты мәселесіне арналған жұмыстарды, мерзімді баспасөзді, Орталық Азия тақырыбымен айналысадын мекемелер мен ұйымдардың ғылыми-білім беру сайттарын қамтиды.</p> <p>Диссертациялық жұмыс теориялық маңызға ие. Себебі, қолданылған жаңа теориялар реляциалық байланыс пен мемлекеттің икемділігі әлемдік саясат, халықаралық қатынастар, аймактану, саясаттану салаларындағы басқа да зерттеулер үшін пәнаралық контексте қолданылуы мүмкін.</p> <p>Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолданудың ықтималдығы жоғары. Бұл тік және көлденен ось бойынша орналасқан 10 элементтен тұратын Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық контекстінде Орталық Азияның консолидациясы негізінде әзірленген моделіне қатысты. Тігінен көрсетілген ось: шешім қабылдау (шығару) моделіне сүйенетін басқару моделін қосатын құрылымдар. Саяси элитаның еркі, интеграциялық үдерістердің белсенділігі, институцияналдық құқықтық-нормативтік құжаттар мен осыған кіретін құрылымдарды жүзеге асыру. Көлденен берілген ось: консолидациялық ынтымақтастықты үдеріс ретінде бағыттау өзіне дамудың моделін қосады. Бұл аталғандардың барлығы Орталық Азиялық аймақтық консолидациясының ортақ бағыттары болып саналады. Осы диссертациялық жұмыста екіжақты ынтымақтастықты зерттеу контекстінде ғылыми зерттеулердің жаңа тақырыптарының пайда болу әлеуеті бар екенін атап өткен жөн, мысалы, Қазақстан-Қыргызстан, Қазақстан – Тәжікстан, Қыргызстан –</p>

			Тәжікстан және т. б.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1)толығымен жаңа; 2)жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3)жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)		Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа. Зерттеудің жаңа теориялары мен тәсілдерін қолдануы, жүргізілген сауалнама мен Қазақстан-Өзбекстан ынтымақтастығы мысалында Орталық Азияның консолидациясының теориялық моделін әзірлеуімен негізделеді.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу деңгейі – жоғары. Ізденушінің зерттеу жұмысы түсінікті және ғылыми стильде дайындалған. Ғылыми стильді менгергенін көрсете алды.

Сембаева Жансая Сембайқызына «6D020200 – халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға мүмкіндігі Диссертациялық кеңестің үлгі ережесінің 28 ескертуі бойынша Комитет алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау туралы шешімді қолдаймын.

Ресми рецензент:

**Көшкімбаев Санат Кайрслямович,**

сағаси ғылымдар докторы, доцент,

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы  
Қазақстан стратегиялық зерттеулер  
институтының директорының орынбасары



*Кадр жұмысы және іжаттандыру белгімі*

*М. Н. Немесізбекова*